

Бекітемін:

“Қызғалдақ” бөбекжай-бақшасы КМҚК
әдіскері _____ Құлбаева А.Т

"Ана- көктем, қыздар- гүл"

Тәрбиешілері: Әбілдиева Базаргүл

. Фахрутдинова Гузель

2023-2024 оқу жылы

Жүргізуші: Қымбатты аналар, қонақтар «Еркетай » кіші тобының
"Ана- көктем, қыздар- гүл"атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Сіздерді көктем айының алғашқы мерекесі 8 наурыз – аналар күнімен құттықтаймыз! Әрқашан дендеріңіз сау, көңілдеріңіз жайдарлы бола берсін! Кішкентай бүлдіршіндеріміздің өнерлерін тамашалауға рұқсат етіңіздер!

Жүргізуші: Балалар қараңдаршы айнала қандай әдемі , қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем мезгілі.

Жүргізуші: Дұрыс балалар, көктем мезгілінде күн жылынып, қар еріп, жылы жақтан құстар ұшып келеді, ағаштар бүршік жарады, табиғат сұлулана түседі. Табиғаттың дауысы естіледі. (Әсем әуенмен көктем кіреді.)

Көктем: Мен көгілдір көктеммін,

Былтыр келіп кеткенмін.

Орманда бұлбұл сайраған

Көптен күткен көктеммін!

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсіздер ме, қонақтар! Айнала қандай тамаша! Балалар, бүгін бәрін өте әдемі болып кетіпсіңдер. Міне менде сендерге асыға жеттім, келе жатқан көктем мерекелерің құтты болсын!

Жүргізуші: Рахмет саған көктем, біздің балалардың көңілін бір көтеріп тастадың! Ендеше, біздің балалардың Аналарына арнаған тақпақтарын тыңдаңыз.

Тақпақтар:

Жүргізуші:

Бала, бала, бала деп,

Түнде шошып оянған.

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Түнде бесік таянған.

Ол кім?

Балалар бірге Ана, Ана, Ана

Жүргізуші: Той пердесін ашайық,

Тойға шашу шашайық

Аналарды құрметтеп,

Ән маржанын шашайық.

Ендеше аналармызға арнап Ән шырқайық «Ана деп, ән салам!» Хор.

Жүргізуші: Бүгін менің қызғалдақтай құлпырып отырған қыздарымның мерекесі. Тобымыздың сәнін келтіріп, ақылдылығымен, нәзіктілігімен, әдемі қылықтарымен ерекшеленіп отыратын осы менің - Қуыршақ ҚЫЗДАРЫМ!!! Осындай ерекше мерекелік кеште қыздарымға арнаған тосын сыйымыз бар. Қане бәріміз көзімізді жұмайық!

Әуенмен «Көңілді қуыршақ» келеді.

Қуыршақ: Сәлеметсіздерме менің достарым! Бүгін менің қуанышты күнім! Себебі бүгін біздің мерекеміз! Мерекемізге анам ұялы телефон сыйлады. Ұялы Телефонымның ішінде әдемі биіміздің әуені бар. Мен осы әуенді қосамын. Қыздарым менімен бірге билейсіңдерме?!

Би: «Көңілді қуыршақтар»

Қуыршақтың ұялы телефонына қоңырау түседі.

Қуыршақ: Ой балалар менің ұялы телефоным шырылдап жатыр ғой!

Сәлеметсізбе! Тыңдап тұрмын!

СПАНЧ БОБ: -Көңілді қуыршақ мен сені таба алмай жүрмін ғой!

Қуыршақ: Мен «Қызғалдақ» бала бақшасында достарыммен біргемін. Қане сізде келіңіз! Достарымызбен бірге көңіл көтерейік!

Балалар досымызды қол шапалақтап қарсы алайық!

Әуенмен Спанч Боб келеді.Қыздарға гүл сыйлайды.

СПАНЧ БОБ: Сәлеметсіздерме балалар! Көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз құтты болсын! Менде сіздермен бірге мерекені тойлағым келеді.

Жүргізуші: Балалар Спанч Бобта бізбен бірге көңіл көтерсін бе? Ендеше Спанч Бобпен бірге ойын ойнайық! «Анамызға көмектесеміз!» ойыны

Біз өнерлі баламыз ендеше бүлдіршіндеріміз әсем әуеннің сәнін одан әрі келтірмекші. Тамашалайық!

СПАНЧ БОБ: Қане менің достарым қайда менің олармен билегім келеді.

Жүргізуші: Менің ақылды ұлдарым өз өнерлерін көрсетпекші! Ұлдар биі.

Жүргізуші: Көктем ханшайымы сізге көп рахмет. Бізге тамаша көңіл күй сыйладыңыз!

Жүргізуші: Көз алдыңа қыз десең –гүл келеді.

Жайқалады жер үсті күллі әлемі.

Соларменен қызықты мынау өмір.

Жанға жайлы жүрекке жыр келеді!

дей отыра бүгінгі мерекеге арналған ертеңгілігіміз аяқталды, Еңбектеріңіз табысты болып, шаңырақтарыңызға құт-береке дарысын! Аспанымыз ашық болсын. Келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.

